

**Егеменді ел болғанымыздың арқасы**  
(«Дала дидары» газетінің редакторы Бекболат Әдетпен  
әңгіме)

«Жыл өтті – жылғадан су өтті» дейтін пәруайсыздан сақтасын. Жыл тұрғай әр күннің өзіне ғасырдың жүгін арқалатып, заманалық сипаттар дарытатын кезеңдер болады. Өтіп бара жатқан жылымыз да сондай несібелі болды ма дейміз. Мұның ең басты сипаты – туған еліміздің тәуелсіздігінің жылы болуында. Керек десеңіз, оның қалған қызықтары мен мереке-мерей атаулысы да осыдан өрбіп жатты.

Соның бір ғана мысалы – осы күні ағылшынның Кембридж орталығы беретін жылдың таңдаулы адамы атты дәстүрлі атаққа тұңғыш рет қазақ азаматының ие болуы. «Бұл да болса егеменді ел болғанымыздың арқасы!» - деді сол абыройлы атақтың иесі Кенжеғали Сағадиевтің өзі.

Сонымен, бүгінгі сұхбат иесі – жылдың таңдаулы адамы, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, экономика ғылымының докторы, Қазақ мемлекеттік экономика институтының ректоры, Кенжеғали Сағадиев.

- *Кенжеке, осы бүгінгі әңгімемізді Жылдың таңдаулы адамы деген мәселеден бастайықшы. Асылы, бұл біздің қазаққа таңсықтау нәрсе. Бәлкім, содан да болар, өте абыройлы болып тұрғаны да рас. Сондықтан осы абырой – атақтың жән-жосығын өз аузыңыздан естісек дейміз.*

- Бұл өзі, шынын айтқанда, өз басым онша мән беріп, жайын білген атак емес еді. Бұрын еміс-еміс еститінбіз: ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне осындай бір атак бар десетін. Ал енді өз басым осыны тіпті ойда жоқта келді деп білем, себебі осы Кембриждегі халықаралық өмірбаян орталығы дейтін аса абыройлы мекеме жыл сайынғы дәстүрі бойынша дүниенің төрт бұрышындағы мемлекеттердің бәріндегі ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің өз еліне, адамзат өркениетіне сіңірген еңбегін сараптай келіп, ешқандай бөгде адамдардың ықпал-әсерінсіз-ақ, өздері жасаған тұжырым бойынша жүзшақты адамның бірі етіп мені де қаласа керек. Сөйтіп, 1992-1993 жылдың таңдаулы адамы деп зиялылар қауымынан өзіңізді қаладық деген кәдімгі ресми қағазын жіберіпті.

- *Апыр-ай, осы қағаз қолыңызға тигенше ешқандай сыбыс болған жоқ па?!*

- Болған жоқ. Болса, біздің қазақ тыныш отыра ма, мен сені осындай нәрсеге ұсынған едім деп біреуі қалай да белгі берсе керек еді... Ал, шынын айтқанда, әртүрлі жиындарға, ғалымдардың пікір алысуы, ой бөлісуі дейтіндерге ұдайы қатысып жүреміз, міне осындай бас қосулардан жақсы пікір түйген әріптестердің біреулері ұсыныс жасады ма екен деп ойлаймын. Қалай болғанда да, сондай ізгі азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ.

- *Қандай еңбегіңіз үшін беріп отырмыз дегенді айта ма?*

- Ғылыми ізденістеріңіз үшін дейді. Белгілі азаматсыз, қоғамға қосқан үлесіңіз үшін деген марапат сөзін айтады. Әйтеуір, жүректі қозғайтындай тәп-тәуір жылы лебіздері бар.

- Бәрежелді, жақсы екен! Осындай аабырой-беделге ие болған қуанышыңызбен өзіңізді «Дала дидарының» оқырмандары атынан құттықтап қояйын. Олардың бәрі болмағанмен біразы сіздің әуелі азамат, содан соң ғалым ретіндегі қалыптасуыңыз ауылмен, ауыл шаруашылығының экономикасымен біте қайнасып жатқанын жақсы біледі. Сондықтан да мынадай табалдырық алдында, жаңа жылға қадам басқалы тұрып, осы ауыл шаруашылығының хал-ахуалы, даму ерекшеліктері туралы ой-пікіріңізді өз ауыңыздан естуге құмар.

- Ауыл десе, ауыл шаруашылығы десе менің де ішкен асымды жерге қоятыным рас. Күнделікті ой-санамды меңдеп, көкейімде жүретін мәселе осы. Мұның бірнеше себебі бар. Ең әуелі, бұған ғалым ретінде аралассам, екіншіден, жоғары оқу орындарындағы ұстаздық жолым, мансап-биігім осы ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты болды. Ақыр соңында, біздің халқымыз негізінен сол ауылда тұрады ғой. Ұлан-байтақ Қазақстанның қай жағына көз жіберсең де «қалың елің - қазағыңды» сол ауылдан көресің. Әрине, жаңару, жаңғыру біздің бай өлке, байсын жерімізді мекендеген қай халыққа да керек. Бұл тұрғыдан оларды бөле-жарудың қажеті де жоқ.

Ал енді ауылшаруашылық экономикасының жағдайы, ауыл тұрғындарының хал-ахуалы дейтін мәселе шексіз дәрия іспетті десем, тек өз пікірімді айтқаным емес. Оны қайта-қайта айтып, жұрттың назарын аударып жүрген ғалымдар, өзге сұңғұла азаматтар да аз емес. Көбіне-көп осы ауыл жағдайына дұрыс көзқарас болған жоқ. Шаруашылық жүргізудің дұрыс тәсілдері пайдаланылмады. Содан келіп, біздің қазіргі жағдайымыз, әсіресе ауыл шаруашылығында, қатты күйзелтетін дәрежеге жетті.

Менің өз ойымша, мемлекеттің ең бірінші тастүйін жұмылып істейтін шаруасы – осы ауылдың жағдайын көтеру, ауыл шаруашылығын өркендету болуға тиісті. Жұмысты осыдан бастаса ләзім. Бізде қазір не көп – мұқтаждық көп, не көп – шешілмей жатқан түйіндер көп. Күрделі-күрделі, үлкенді-кішілі міндеттер мың сан. Соның ең бастысы, ең күрделісі қайсы, мемлекет ұлан-ғайыр жұмысты соның қайсысынан бастап қолға алу қажет дегенде, меніңше, осы ауыл шаруашылығын бірінші орынға қою керек сияқты. Бұл ойымды мен құрметті Президентімізге де, үкіметімізге де білдіргем, баспасөз жүзінде де, жәй ауызекі әңгімеде де, жер-жердің бәрінде айтып жүрмін.

Айталық, қазір өндірістің әр саласын дамыту жөнінде он жеті бағдарлама бар. Оларды талқылауға да қатыстық. Міне, әлгі сөзімді мен сонда да айтқан болатынмын. Осы он жеті бағдарламаны бірден қолға алып, Қазақстанның сан-салалы шаруашылығын, өндірісін, мәдени өмірін бір мезгілде қайта құруға біздің қаржымыз да, жұмыс күшіміз де жоқ. Сөйтіп жүріп, ақыр соңында он жеті бағдарламаның біреуін де іске асыра алмай қалуымыз мүмкін. Демек, ең басты міндетті айқындап алып, күш мүмкіндікті көбіне соған аударуымыз керек. Бұл, міне - ауыл шаруашылығы.

Әрине, ауыл шаруашылығы дегенде тек далада мал бағып, егін салып жүрген жұртты ғана айтпаймын. Бұл дегеніңіз қатпар-қатпары **көп** бүтіндей бір кешен. Жалпылап қана айтсақ, азық-түлікті өндіретін сала бар да, оны

сақтайтын, одан соң өңдейтін салалар бар. Осылардың тығыз байланысты екеніне жұрттың бәрінің-ақ көзі жетті. Бірақ күні бүгінге дейін қаншама астық, қаншама көкініс, жеміс-жидек өндірсек те, соның көбін ысырап етуімізді қоймай келеміз. Көбін тасып ала алмаймыз, қоймаларда ірітіп-шірітіп құртамыз. Ал содан қалғанының тең жарымын өңдеу барысында жоғалтып аламыз. Қаншама ысырап!

Міне, ауыл шаруашылығын өнеркәсіптің өңдеуші саласымен қоса қарастыру керек дейтініміз осыдан. Ал Қазақстанның жарты байлығы ауылда жатыр десек, ешбір қателеспейміз. Сондықтан бұл - өмірдің өзге жақтарына оншалықты ықпал ете қоймайтын шағын сала емес, ең күрделі сала. Және бір ерекшелігі – жұмсаған күш-жігердің, қаржы қаражаттың тез қайтарымын беретін мұндай өндіріс салалары өте аз.

Мен нарықтық экономикаға көшкен көптеген елдердің тәжірибесін зерттеп жүрмін. Солардың көпшілігі мәселені осындай күрделі бірер бағдарламаны қолға алудан бастаған екен. Ең соңғы тәжірибе мына көрші отырған Қытайда іске асты. 1978 жылдан бері осы елде экономикалық реформа жүріп жатқанына өзіміз куәміз. Соған дейін аш-жалаңаш отырған халық еді – оны да білеміз. Өз басым сол елде болдым да. Бәрін көзбен көріп, көңіл сарабынан өткіздім. Реформаны бастағаннан кейінгі алғашқы алты жылда Қытай тек ауыл шаруашылығын өркендетумен айналысты. Әрине, өндірістің басқа салаларында да өзгерістер болып жатты ғой, бірақ негізгі мүдде ауыл шаруашылығы жағында болды. Міне, соның арқасында осы алты жыл ішінде азық-түлік өндіруді үш жарым есе көбейтті, халқын тойындырды, жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібін дұрыстап жолға қойып алды. Содан кейін өндірістің басқа салаларын дамытуға кірісті.

Енді өзімізге келейікші. Өз тізгінімізді қолға алып, өз білгенімізбен өркенімізді өсірсек деп жатырмыз. «Бәрекелді» дегеннен басқа айтары жоқ мұның. Ал өркендеуді неден бастаймыз дегенде ауыл шаруашылығын жолға қойып алуымыз керек. Халық күйзеліңкіреп барады - әуелі соның жағдайын оңдасақ. Оның әр жағында, мүмкіншілік көбейген сайын, неғұрлым биік мақсаттарға да қол соза береміз ғой. Енді осыған қаржыны қайдан тауып, мүмкіншілікті қалай келтіруге болады дейтін сұрақ тумай ма? Бірінші – ауыл шаруашылығымыздың өзі құралақан отырған жоқ: ұлан-байтақ жерімізде мыңғыртып мал бағып, жайқалтып егін өсіріп жатыр, басқа да ризық-несібеден өгей емеспіз. Екінші – бізде өндірістің өте тиімді, шет елге сатса сенімді валюта әперетін салалары бар. Мысалы: мұнай, газ. Құдайға шүкір, Қазақстанның жері бай. Соны ауылдың қажетіне жарата білсек керек.

Міне, мұны жалпы бағдар, ортақ ұйғарынды делік. Осының ішінде көп айтылмай жүрген тағы біраз жайлар бар. Соның бірі – ауыл шаруашылығының өзінде қай сала бізге тиімді, қайсысы тиімсіз дейтін мәселе. Біз, айталық, нарықтық экономикаға әбден бойлап алған соң өндірген өніміміздің біразын дүниежүзілік саудаға саламыз. Яғни, үлкен бәсекеге кіріп кетеміз деген сөз. Ал енді сол бәсекеде бәсіміз төмен болмаудың бір-ақ шарты бар. Ол - өндірген өнімнің сапасы жақсы болумен қатар, өзіндік құны неғұрлым арзан болсын дейтін талап.

Осыған байланысты өз жағдайымызға тағы бір көз жүгіртіп қарайықшы. Айталық, біз ырғын астық алдық деп қуанамыз. Дәл биыл сондай қуаныш үстінде отырған жайымыз бар. Бірақ осының астарында талай зіл жатыр. Шынын айтқанда, біздің астық өте қымбат. Қазір бізге келіп «әке-көке» деп, дүниежүзілік бағаның деңгейінде астығымызды алып жатқан жұрт көп. Оған да шүкір. Ал ертең, зәуі сайтан, Канададан немесе Батыс Еуропа мемлекеттерінен арзан астық келіп қалса ше?.. Оның үстіне, дүние жүзілік бағадан қымбат астық өндіре берсе Қазақстанның өз экономикасы да құлдырап кетуі мүмкін ғой. Сондықтан қатты ойласатын бір мәселе: дәнді дақылдарды қай жерге орналастыру керек? Қай өңірден арзан астық алуға болады? Ал біздің қазір алып отырған астығымыз өте қымбатқа түсуде. Жердің бәрі бірдей құнарлы емес, жаңбыр да әр өлкеге әрқилы жауады. Демек, құнарсыз, құрғақшылыққа бейім жерлерден егісті алып тастауымыз керек. Өз басым осы мәселені сонау бір жылдардан, Ақмоладағы ауыл шаруашылығы институтының ректоры болған кезімнен бастап айтып келемін. Шынында, бізде технологияны қаншама жетілдіріп, қанша күш-жігер жұмсағанды да, гектар басы 5-6 центнерден артық астық бермейтін жерлер бар. Ол және аз емес, миллиондаған гектар алқаптар. Баяғы тың игерудің дүрбелеңінде орталық үкіметтің өктемдігімен жыртып тасталған. Ал енді өз тізгінімізге өзіміз ие болып, нарықтық экономикаға қадам басып жатқанымызда ол жерлерге өнімсіз шығын шығара беруді тоқтатқанымыз абзал.

Қазақ елі ғасырлар бойы төрт түлік мал өсіріп, осынау байтақ даласын ырысқа кенелтумен келген. Сонша малды қорада ұстаған жоқ, байлап баққан емес.

- *«Аяқты малда қисап жоқ, айдалып бағып жайылар» деп қиссада айтқандай десеңізші...*

- Иә. Сөйтіп арзан ет өндірген ғой. Соның арқасында Ресеймен де, мынау Қытаймен де қаншама алыс-беріс, сауда-саттық жасады, арзан етімен қаншама жәрмеңкелердің сәнін келтірді. Малдың етін ғана емес, терісін де, жүнін де, басқа өнімдерін де базарлап, дәурен сүрген ғой бабаларымыз. Ал оған мүмкіншілік берген нәрсе – керемет ұлан-байтақ жайылымы. Міне, тың игерудің аттанға сүрен қосқан жылдарында сол жайылымның денін жыртып тастап, енді екі саусақты танауға тығып отырған жайымыз бар.

Жақында ғана «Егеменді Қазақстанда» осы жайылым жайын жақсы білетін бір топ ғалымдардың Президентімізге ашық хаты жарияланды. Мен де сол хатқа ынты-шынтымен қол қойған болар едім. Қазақстанда миллиондаған гектар жайылымды қалпына келтіру керек деседі ғалымдар. Жөн сөз! Ең арзан ет әне сол жайылымдардан келеді. Сол арзан ет арқылы біз қай жәрмеңкеге барсақ та асығымыз алшысынан түсері сөзсіз.

Ендігі бір мәселе – суармалы жерлерге қатысты. Оларды пайдалануда да иесіздік деген жетіп-артылады. Қаншама суландыру жүйелері жасалып, қаңқиып босқа тұр. Неге десең, су тапшы. Аралды құртып біттік, Балқаштың да жайы белгілі бола бастағандай. Қаншама өзен суалды. Демек, су жүйелерін де қайта қарап, тиімсіз дегендерін егістік айналымынан шығару

керек. Бұл да аз жер емес, мың-мыңдаған гектар алқаптар қайтадан жайылымға қосылады деген сөз. Бұған әрине, ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлау міндеті келіп қосылады.

Міне, ауыл шаруашылығында бірден қолға алар күрделі міндеттер осы деп білемін.

- *Иә, Кенжеке, өзіңізге келгендегі басты шаруаның бірі осы еді ғой. Жасампаздықтың жас өркені өз қанаттарыңның астынан шығады дегендей...*

- Бұл бір қастерлі міндет қой. Әсіресе, өзіміздің ұлттық кадрларымызды даярлау, бүгінгі күннің талабына сай білікті мамандар легін тәрбиелеу. Шынын айтқанда, нарықтық экономика дейтінің біздің қазақтың үш ұйықтаса түсіне кірмеген нәрсе. Бұл – қазақтың тарихи санасында жоқ кәсіп, ата-бабасы айналыспаған тірлік. Ал нарықтық экономиканың өзі астары терең, қыры мен сыры көп, тамыры кең жайылған құбылыс қой. Жайын білмесең – ұтыласың. Сондықтан халыққа, әсіресе қазақ жастарына осы тұрғыдан білім беру үшін ұлан-асыр жұмыс атқарылуы керек.

- *Ол дұрыс қой. Ал соған өз үлестеріңіз қандай болмақшы? Мынау халық шаруашылығы университетінде не жұмыс атқарылып жатыр?*

- Біз осы бір-екі жылдың ішінде бүкіл мамандарды тек қана нарықтық экономика жүйесіне даярлауға көшеміз. Қазір соның жан-жақты шараларын қолға алып жатырмыз. Көптеген кафедралар жабылып, орнына оннан аса жаңа кафедралар ашылды. Бәрі де жаңа пәндер бойынша.

- *Мысалы?*

- Мәселенки, маркетинг дейміз. Базар нарқын жобалап, реттеп отыратын маман. Енді бірі – менеджмент, яғни басқару жүйесінің маманы. Басқару дейтінді біз жарлық берумен алмастырып келдік емес пе. Ал шет елде бұл – үлкен ғылым. Өнердің бір саласы десен де болады. Осыны жетік білу керек. Тағы бір мәселе ақша айналымына, салық жүйесіне қатысты. Салық дейтіннің өзі, біле білсең, үлкен саясат, өндірісті реттеуші күш. Ал ақша айналымын адамның денесіндегі қан айналымымен салыстырса да болар еді. Шет елдегілер нарықтық экономиканың тілі – ақша дейді екен. Осының бәрін білу, осы тілді меңгеру - өнер емес деп айтшы, кәні.

Міне, қазіргі қам-қарекетіміздің бәрі осы төңіректе. Бірақ, құдай ұрғанда, осыған қамбыл оқытушыларымыз да санаулы-ақ. Сондықтан оқытушылардың өздерін оқытып жатырмыз. Шет ел ғалымдарымен қатынас орнатып, барыс-келіс жасасып жатқан жайымыз бар. Шет тілдердегі, азын-аулақ орыс тіліндегі оқулықтарды қазақшалап, көптеп шығарсақ деген талабымыз және бар.

Бұл, әрине, адамгершілік тәрбиесін кейін ысырып тастадық деген сөз емес. Ол әрдайым басты назарда болады. Соның бір парасы деп «Қазақ халқының рухани байлығы» дейтін сабақ кіргізіп отырмыз. Қайткенде де елін, халқын сүйген азаматтар тәрбиелеп шығару – парызымыз.

Ал енді әңгімеміздің әдепкі тақырыбына қайта оралсақ, ауыл шаруашылығына білікті кадрлар даярлауға да аянбай атсалысарымыз кәміл. Агробизнес дейтін мамандық бар. Американың кәсіпкерлерімен келісіп,

ауылшаруашылық бизнесінің орталығын ашпақ ойдамыз. Ауылда жүрген мамандарды соған тартып, қайта даярлықтан өткізсек дейміз.

*-Кенжеке, сонау бір кезде өзің өскен ауылда – кең мағынасындағы қазақ ауылында қазір сан мыңдаған қара домалақтар өсіп жатыр. «Жылдың таңдаулы адамы болған ағамыз бізге қандай өнеге айтар екен?» деп солар да қутыңдайтындай көрінеді маған. Шынында, сол өсер ұрпаққа не айпағыңыз бар?*

- Алдымен, балаларым аман болсын. Азамат боп өссін. Ол үшін елін, жерін сүйсін, тілін қадірлесін. «Ақын далада туып, қалада өледі» дейтін сөз бар ғой. Менің түсінігімде күні ертең ел тізгініне ие болатын ұрпақ әлі де болса сол шалғай ауылдарда, береке ұйыған иманды ортада өсіп жатыр. Тек солар ерінбей-жалықпай білім айдынына құлаш ұра берсе екен.

*- Блайым солай болсын, Кенжеке. Есік қағып тұрған жаңа жылымыз бәрімізге жақсылық әкелсін!*

*1992ж. 25-31 желтоқсан*